

Сабақтың тақырыбы:

Халықаралық экономикалық қатынастар
Оқыту мақсаты:

12.1.1.1. Халықаралық экономикалық қатынастар ұғымын түсіну;

12.1.1.2. Халықаралық интеграция ұғымын түсіну;

Халықаралық экономикалық қатынастар

дегеніміз халықаралық байланысатын және

халықаралық еңбек бөлінісінің негізгі

бағыттарын қамтитын, жекелеген елдердің

ұлттық экономикалық қатынастар жүйесі

Халықаралық экономикалық қатынастардың негізгі формалары:

- ❖ Халықаралық сауда;
- ❖ Капитал қозғалысы;
- ❖ Жұмыс күші миграциясы;
- ❖ Халықаралық өндірісті кооперациялау;
- ❖ Ғылыми –техникалық айырбас;
- ❖ Валюта –несие айырбасы

Халықаралық сауда - еңбек бөлінісі негізінде әр түрлі елдердің тауар өндірушілер арасында пайда болатын байланыстардың нысаны және олардың экономикалық тәуелділігі.

Бұл халықаралық тауар-ақша қатынастарының сферасы, дүние жүзіндегі барлық елдердің сыртқы саудасының жиынтығы.

Капитал қозғалысы - басқа елдерде экономикалық тұрғыдан тиімді тауарларды өндіру үшін алғышарт болып табылатын түрлі елдерде капиталдың тарихи түрде қалыптасқан, шоғырлануы сияқты, өндіріс факторларының бірі.

Капиталдың бір бөлігін ұлттық айналымнан шығарып, тауар немесе ақшалай нысанда басқа бір елдің өндірістік процесі мен айналымына енгізу

Жұмыс күші миграциясы - еңбекке қабілетті халықтың экономикалық сипаттағы себептерге байланысты туындаған, бір жылдан астам мерзімге жұмыс істеу мақсатында бір мемлекеттен екінші мемлекетке орын ауыстыруы

Халықаралық өндірісті кооперациялау
- белгілі бір өнім түрін бірігіп
дайындайтын халықаралық фирмалар
арасындағы ұйымдық, өндірістік және
басқа да байланыстар жиынтығы

Ғылыми –техникалық айырбас -
техникалық білімдер саудасы бойынша
жасалынатын операциялар мазмұны-
коммерциялық негізде шетелдік сатып
алушыларға тек ғылыми ғана емес,
сонымен қатар, тәжірибелік құндылығы
жоғары ғылыми-техникалық қызмет
нәтижесін беру

Валюта –несие айырбасы

ұлттық шаруашылықтарының қызметкерлерінің қызмет ететін және әлемдік

шаруашылықтағы валюталардың қызмет етуі барысында қалыптасқан қоғамдық қатынастар жиынтығы білдіреді.

Тапсырма

1. Дүниежүзілік шарушылық дегеніміз не?
2. Халықаралық экономикалық қатынастардың қалыптасу неге байланысты?
3. Сауданың пайда болуына қандай факторлар әсер етті деп ойлайсыз?
4. „ Ақылдың сатылуы, „ елдің экономикасының дамуына қалай әсер етуде?
5. Қазіргі заманда жұмыс күшінің миграциясы елдердің экономикасына қалай кері әсерін тигізеді? Мысал келтіріңіз.